

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 21.15.21

<https://orcid.org/0000-0002-3601-7109>

e-mail: islamtanu2019gmail.com

<https://orcid.org/0000-0003-1951-5867>

e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com

ӘЛ-ҚАСЫМ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ХАЛИСАТУЛ ХАҚАЙҚ» ТРАКТАТЫНДАҒЫ МОРАЛЬДЫҚ МІНДЕТ КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Анарбаев Нұрлан

PhD,

Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Калмахан Ержан

PhD, қауымдастырылған профессор,

Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті,
Алматы қ., Қазақстан

مفهوم الواجب الأخلاقي وقيمته التربوية في رسالة "خلاصة
الحقائق" لأبي القاسم الفارابي

Анарбайев Нұрлан

Аستاذ مشارك

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية (نور مبارك)،
ألماتي، كازاخستان

Қалмахан Ержан

Аستاذ مشارك

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية (نور مبارك)،
ألماتي، كازاخستان

THE CONCEPT OF MORAL OBLIGATION IN AL-QASIM AL-FARABI'S TREATISE «HALISAT AL-HAQA'IQ» AND ITS EDUCATIONAL SIGNIFICANCE

Anarbayev Nurlan

PhD,

Egyptian University of Islamic Culture
Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

Kalmakhan Yerzhan

PhD, Associate Professor,

Egyptian University of Islamic Culture
Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

КОНЦЕПЦИЯ МОРАЛЬНОГО ДОЛГА В ТРАКТАТЕ АЛЬ-КАСЫМА АЛЬ-ФАРАБИ «ХАЛИСАТУЛ ХАҚАЙҚ» И ЕГО ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Анарбаев Нурлан

PhD,

Египетского университета исламской
культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан

Калмахан Ержан

PhD, ассоциированный профессор,

Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ортағасырлық ханафи ғалымы Әбул Қасым әл-Фарабидің/Фариabi (1130-1210) «Халисатул хақайқ» трактатындағы моральдық міндет ұғымының теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Әл-Фариabi еңбегінде моральдық міндеттің иманмен байланысы, оның рухани кемелдену мен тұлғалық дамудағы рөлі талданады. Ғалым оны ішкі рухани күш ретінде сипаттап, мінез-құлық пен әлеуметтік қарым-қатынасты реттеудегі маңызын көрсетеді.

Зерттеу барысында моральдық міндеттің категориялық мәні ислам ойшылдарының еңбектері негізінде зерделенеді. Атап айтқанда, Т. Ғабитов, Абдулла Драз, Шейх Надим әл-Жисри, Әбу Хамид әл-Ғазали және әл-Мауарди сынды ғалымдардың көзқарасы жүйелі түрде талданып, олардың моральдық міндетті анықтаудағы әдіснамалық тәсілдері салыстырмалы түрде сараланады. Сонымен қатар ислам философиясында моральдық міндеттің иман, ахлақ, жауапкершілік және парыз ұғымдарымен өзара байланысы анықталады.

Зерттеу моральдық ұстанымдардың қалыптасуына ықпал ететін ақыл, жауапкершілік, жақсылыққа шақыру және жамандықтан тыю қағидаларын талдап, ислам этикасының қоғамдық тұрақтылық пен тәртіпті сақтаудағы рөлін сипаттайды. Ортағасырлық ислам ойшылдарының моральдық міндетке қатысты концепцияларының діни және әлеуметтік аспектілері қатар қарастырылады.

Мақалада исламдық моральдық қағидалардың қазіргі қоғамдағы маңызы мен рухани-адамгершілік тәрбиедегі рөлі айқындалады. Зерттеу нәтижелері моральдық міндеттің тарихи, философиялық және діни контекстегі орны мен оның адам болмысын қалыптастырудағы маңызын ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: моральдық міндеттеме, иман, ахлақ, тәрбие, этика.

الملخص: تتناول هذه الدراسة مبدأ العدالة وتطبيقه العملي في العلاقات المالية من منظور المذهب الحنفي، الذي يعد أحد أهم الاتجاهات في الفقه الإسلامي. يتمثل الهدف الرئيس من البحث في تحليل مفهوم العدالة في إطار المذهب الحنفي وتطبيقه في تنظيم العلاقات المالية. تمت دراسة الجوانب النظرية لمفهوم العدالة كما هو منصوص عليها في الفقه الإسلامي، مع التركيز على تكيفه مع الظروف الحديثة. وقد تم استخدام منهج التحليل المقارن وتفسير النصوص الدينية، مما أتاح الكشف عن شمولية وأهمية هذه المبادئ.

تشمل النتائج الرئيسة للدراسة تحليل الأحكام المنظمة للالتزامات التعاقدية والميراث وتسوية النزاعات المالية.

كما يوضح البحث كيف تساهم مبادئ المذهب الحنفي في تحقيق التوازن بين مصالح الأطراف، وحماية الفئات الضعيفة، ومنع الثراء غير المشروع.

تساهم هذه الدراسة في تطوير النظرية القانونية الإسلامية وتطبيقها في العالم المعاصر. وتكمن أهميتها العملية في إمكانية استخدام نتائجها لتنظيم العلاقات المالية في المجتمعات متعددة الثقافات والأديان.

يظل الفقه الإسلامي، وخاصية المذهب الحنفي، ذا أهمية في العالم المعاصر بفضل عالميته ومرونته في تطبيق أحكامه. فمبدأ العدالة الذي يقوم عليه يعد أداة أساسية في تنظيم العلاقات المالية والاقتصادية والاجتماعية.

تتجلى أهمية هذا الموضوع في ضرورة دراسة كيف أحكام المذهب الحنفي في المجتمعات متعددة الثقافات الحديثة، حيث تتفاعل النظم القانونية الدينية والعلمانية. ويهدف هذا البحث إلى الكشف عن خصائص هذا التكيف، وتحليل تطبيق الأحكام في ظل العولمة، وتبرير أهميتها في تحقيق التوازن القانوني داخل الدول متعددة القوميات.

يعتمد هذا العمل على دراسة المؤلفات الكلاسيكية لعلماء الفقه الإسلامي والأبحاث المعاصرة، مما يتيح تقديم مقاربات جديدة لإدماج الأحكام الشرعية الإسلامية في النظم الحديثة للإدارة والتنظيم. الكلمات المفتاحية: الفقه الإسلامي، المذهب الحنفي، مبدأ العدالة، العلاقات المالية، التكيف الثقافي، النظم القانونية العلمانية، المجتمعات متعددة الثقافات.

Abstract. This article examines the theoretical and practical foundations of the concept of moral obligation in the treatise *Halisat al-Haqa'iq* by the Central Asian Hanafi scholar Abu al-Qasim al-Farabi/Fariabi (1130-1210). Al-Fariabi links moral obligation to faith, analyzing its role in spiritual perfection and personal development. He describes it as an inner spiritual force that regulates individual behavior and social interactions.

The study explores the categorical significance of moral obligation based on the works of Islamic scholars. It systematically analyzes the views of T. Gabitov, Abdullah Draz, Sheikh Nadim al-Jisri, Abu Hamid al-Ghazali, and al-Mawardi, comparing their methodological approaches to defining moral obligation. Additionally, the study examines its relationship with faith, ethics, responsibility, and religious duty within Islamic philosophy.

The research delves into key principles such as reason, responsibility, enjoining good, and forbidding evil, emphasizing the role of Islamic ethics in maintaining social stability and order. The religious and social aspects of moral obligation in medieval Islamic thought are also examined.

The article highlights the relevance of Islamic moral principles in contemporary society and their role in spiritual and ethical education. The findings reveal the historical, philosophical, and religious significance of moral obligation and its impact on shaping human character.

Keywords: moral obligation, faith, ethics, upbringing, morality.

Аннотация. В данной статье рассматриваются теоретические и практические основы понятия морального долга в трактате среднеазиатского ханафитского ученого Абуль Касыма аль-Фараби/Фариabi (1130-1210) «Халисатул хакайк». Аль-Фариabi связывает моральный долг с верой, анализируя его роль в духовном совершенствовании.

нии и личностном развитии. Ученый рассматривает его как внутреннюю духовную силу, регулирующую поведение личности и социальные отношения.

В исследовании изучается категориальное значение морального долга на основе трудов исламских мыслителей. Анализируются взгляды Т. Габитова, Абдуллы Дразы, шейха Надима аль-Джисри, Абу Хамида аль-Газали и аль-Маварди, а также их методологические подходы к определению морального долга. Кроме того, рассматривается взаимосвязь морального долга с понятиями веры, нравственности, ответственности и религиозного обязательства в исламской философии.

Исследование анализирует такие принципы, как разум, ответственность, призыв к добру и предостережение от зла, подчеркивая роль исламской этики в обеспечении общественного порядка и стабильности. Рассматриваются религиозные и социальные аспекты концепции морального долга в трудах средневековых исламских мыслителей.

В статье подчеркивается актуальность исламских моральных норм в современном обществе, их значение в духовно-нравственном воспитании. Результаты исследования раскрывают философское, историческое и религиозное значение морального долга и его роль в формировании человеческой сущности.

Ключевые слова: моральный долг, вера, нравственность, воспитание, этика.

КІРІСПЕ

Дін – салт-дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін рухани құндылықтардың бірі. Имандылық – діннің негізі, ал иман арқылы моральдық міндет қалыптасады. Бұл міндет адалдық, шыншылдық, адамгершілік, сыпайылық және үлкендерді сыйлау секілді қасиеттерді қамтиды.

Мақалада «Халисатул хақайк» трактатындағы ахлақтық құндылықтарға талдау жасалып, адамның тәрбиеленуі үшін әртүрлі тәсілдердің қажет екені көрсетіледі. Мақалада моральдық міндеттің тұлғаның мінез-құлқын реттеудегі рөлі, оның иманмен байланысы және қоғамдағы орны қарастырылады.

Себебі қоғамның моральдық құндылықтарды қабылдау деңгейі әртүрлі. Бірі даналық сөзден, енді бірі өлеңнен, тағы бірі ерекше оқиғадан әсер алады. Адам қайсысынан ерекше

әсер алса, соны өзіне үлгі етіп, бойына сол сипатты қалыптастыруға тырысады. Сондықтан адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде түрлі тәсілдерді қолдану қажет. Дегенмен бұл зерттеуде Әбу әл-Қасымның трактатындағы моральдық кемелдікке жетелейтін моральдық міндеттеме ұғымы қарастырылады. «Міндет» сөзі парыз, борыш, қарыз мағыналарын білдіреді (1, 408). Қазақ тіліндегі «міндет» ұғымы араб тіліндегі «фарз» (فَرَض) терминінен ерекшеленеді. Себебі араб тіліндегі «фарз» (فَرَض) Алланың міндеттеген намаз, ораза, зекет сынды құлшылықтарына қатысты айтылады. Ал ахлаққа қатысты «міндет» ұғымы араб тілінде «илзам» (إِلْزام) терминімен беріледі. Осы айырмашылыққа сүйене отырып, қазақ тіліндегі «міндет» ұғымын араб тіліндегі «илзам» (إِلْزام) терминімен мағыналас қарастырамыз. Сондықтан ахлаққа қатысты араб дереккөздерін аудару барысында оны

ислам құқығындағы міндет ұғымымен шатастырмау үшін «міндет» немесе «талап етіледі» деп беруді жөн көрдік. Моральдағы міндет ұғымы араб тілінде «إِلْزَامُ الْخُلُقِي» (илзаму-л хулуки) деп аталады, оның ағылшын тіліндегі баламасы – «Moral obligation».

Тақырыпты талдауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Зерттеу мақсаты – әл-Қасым әл-Фарабидің «Халисатул хақайк» трактатындағы моральдық міндет ұғымын қарастырып, оның теориялық және практикалық аспектілерін ашу. Осы мақсатта моральдық міндеттің ислам философиясындағы орнын анықтау; ислам ғалымдарының моральдық міндетке қатысты көзқарастарын салыстыру; иман, ахлақ және жауапкершілік арасындағы байланысты талдау; қазіргі қоғамда исламдық моральдық нормалардың маңызын көрсету.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу сапалық талдау әдістеріне негізделген. Моральдық міндеттің мазмұны ислам философиясы мен этикасы тұрғысынан қарастырылады. Теологиялық және философиялық дереккөзге сүйене отырып, моральдық міндеттің теориялық негіздері анықталады.

Зерттеуде ислам ғалымдарының – Т. Ғабитов, Абдулла Драз, Шейх Надим әл-Жисри, Әбу Хамид әл-Ғазали және әл-Мауарди еңбектеріне сүйеніп, олардың моральдық міндетті түсіндірудегі әдіснамалық тәсілдері салыстырмалы түрде талданады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ислам философиясында моральдық міндет этикалық категория ретін-

де қарастырылады. Міндет – адамды адамгершілік құндылықтарға бейімдеп, ішкі рухани қажеттілік ретінде көрінеді (Құранбек, 2013: 408). Міндет – этикадағы маңызды категориялардың бірі. Міндет – адамды өз болмысын адамгершілік құндылықтарға сай қалыптастыруға мәжбүрлейтін және ішкі міндетке айналатын рухани қажеттілікті бейнелейтін этикалық категория (Құранбек, 2013: 408). Мысалы, әділ бол, адал бол, мейірімді бол деген сынды бұйрық райындағы «міндет» міндеттілікті білдіреді. Бұл жайлы Т. Ғабитов «Қазақ этикасы» еңбегінде: «Міндетте басқа категорияларға қарағанда міндетті себепті жақ әлдеқайда жоғары дамыған. Ол тек идеяға нақты анықтама беріп қоймайды, сонымен қатар оған бұйрықтық сипат беріп тұрады, талап етеді, оның жүзеге асуын қалайды», – деп тұжырымдайды (Ғабитов, 2014: 23). Адам болу, адамшылық пен адамгершілікке жету мақсаты осы моральдық міндетпен тікелей байланысты. Осы себептен мораль туралы түсіну міндет болып саналады.

Исламтанушы ғалым Абдулла Драз (1894-1958) «Дустуру-л ахлақ» еңбегінде: «Адамда моральдық міндеттеме болмаса, жауапкершілік болмайды. Ал жауапкершілік болмаса, әділдік жоқ. Осылайша қоғамда бұзақылық, бүлік белең алады», – деген (Драз, 1998: 21). Адамда моральдық міндет, жауапкершілік болса ғана ахлақи құндылықтар бойына орнығады. Неміс философы Иммануил Кант: «Міндет ахлақ үшін құнды. Ахлақ нормативтерін түрлі мақсатты көздегендіктен емес, ах-

лақ заңдарына құрмет еткендіктен орындау қажет. Сонда ғана адам іс-әрекеттері мен сезімдерінің талабы хайуандардың іс-әрекетінен өзгеше және құнды болады», – деген (Губин, 2005: 26). Абдулла Драз «Канттың «міндет» теориясына келіскенімен, ахлақтың заңына емес Алланың бұйрығына бағыну керек екенін айтып, осы мақсатта, Құран, сүннет, ижмағ, қияс негіздерімен моральдық міндеттемені түсіндірген (Драз, 1998: 26). Себебі ислам діні бойынша ахлақ талаптары Алланың әмірі болғаны үшін орындалады. Сондықтан ислами деректерде Алланың ахлаққа қатысты бұйрықтары мен тыйымдарын орындау міндетті деп түсіндіріледі (Хилми, 2004: 122). Осы негізде міндетті төртке бөліп қарастырғандар да болды. Біріншісі, Алла алдындағы міндеттер: Алланы тану, намаз, ораза сынды міндеттерді орындау. Екіншісі, адамның өзіне қатысты міндеттері: жанына және тәніне қатысты міндеттері, денсаулығына қажетті нәрселерді тұтыну, ақылын қолдану. Үшіншісі, отбасылық міндет: ер адам әйелі, балашағасы алдындағы міндеттерін орындау. Төртіншісі, қоғам алдындағы міндет: қоғамдағы адамдардың өмірін, ар-ожданын, ерік-қалауын құрметтеу (Гюлчур, 2011: 30). Демек, моральдық міндет адамның Алламен, қоғаммен, өзімен, отбасымен болған қарым-қатынасында маңызды рөлге ие.

Моральдық міндеттің жетістігі, жауапкершіліктің жоғары болуымен байланысты. Негізінде, моральдық міндетті зерттеген ғалымдар оның екі қырына тоқталады. Бірі субъективті (иманның, ар-ожданның, ақылдың

міндеттемесі), екіншісі объективті (жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю, өз-өзін жазалау) міндеттеме. Надим әл-Жисри (1897-1980) өзінің еңбегінде моральдық міндетті алтыға бөліп қарастырады. Олар: ақыл, ар-ождан, қорқыту мен қызықтыру, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю, өз-өзін жазалау, басшының міндеттемесі (Жисри, 2004: 102).

Бұл жерде Надим әл-Жисри моральдық міндеттің орындалуына ықпал ететін ішкі (ақыл, иман, ар-ождан) және сыртқы (жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю, басшының міндеттесі) факторларды да қатар қарастырады. Бұл – ислам дінінің ерекшелігі. Осы негізде «Халисату-л хақайқтағы» моральдық міндеттің өзегі ретінде иманды, ал оның құралдары ретінде ақыл, ғибадат және жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю сияқты Әбу-л Қасым әл-Фараби жасаған тұжырымдарды қарастыруды жөн санадық. «Халисату-л хақайқта» моральдық парыз бұйрықтар мен тыйымды қамтитын мәтіндермен көрсетілген. Бұл моральдық міндет Абдулла Драз түсіндіргендей: «бір істі орындауды бұйыратын бұйрықтар мен тыйылуды білдіретін тыйымдар» деген таным-түсінікпен ұштасады (Драз, 1998: 27).

Олай болса, моральдық міндеттің өзегі ретінде иман мәселесін қарастырып көрелік. Қоғамдық өмірде адамға жауапкершілік жүктемейтін сенім не моральдық жүйе болмайды деп айту мүмкін емес, яғни сол секілді жауапкершіліктің болуы оның міндеттелуі, міндеті жоқ ахлақи жүйе де бос саналмақ. Себебі иманның сыртқы

көрінісі практикалық тұрғыдан ғана көрініс табады. Ал бұл үшін міндеттеу, талап ету – шарт. Міндеттеусіз тәжірибелік көріністі күту өте қиын. Міндеттеу күші жоқ, Алланың бұйрықтарын орындап, тыйымдарына тоқтау жасай алмаған иман, Құран үшін жеткіліксіз, әлсіз иман болып саналады. Бұл жайлы Алла тағала «Хужуруат» сүресінің 14-аятында: «(Бірқатар) бәдәуилер: «Біз де иман келтірдік», – дейді. Оларға: «Жоқ, сендер әлі иман етпедіңдер. Алайда (Аллаға мойынсұнып) мұсылман болдық деңдер. (Өйткені) иман жүректеріңе әлі ұялай қойған жоқ» (Анарбаев, 2015: 517), – деп, мұндай иманды жеткіліксіз санаған. Мысалы, Махамбет Өтемісұлы айтқандай: «Мұсылманшылық кімде жоқ, тілде бар да, ділде жоқ» дегеніндей. Демек, адамның тілімен қатар, жүреппен, ықыласпен иман келтіргенде ғана кемел мүмін, көркем мінезді мұсылман бола алады. Иман жүректе болса, ол адамның сыртқы іс-әрекетіне әсер етпеуі мүмкін емес. Сондықтан Әбу-л Қасымнан бұрын әл-Мауарди, Ибн Мискуайһ, әл-Ғазали сынды ғалымдар ахлақ жайлы сөз еткенде иман мәселесіне міндетті түрде тоқталған. Мысалы, әл-Мауарди «Адаб ад-дин уа дуниясында»: «Адамның нәпсісі әртүрлі күйге енеді. Оның бірі – шынайы туралыққа мойынсұнып, жамандықтан алшақ тұратын нәпсі. Мұндай күйге жетудің негізгі себебі – таухид сенімі, яғни Алланы бір деп тану. Ал таухид сенімі адамды әділдікке, шыншылдыққа және тура жолмен жүруге бағыттайды», – деп, адамның мінезі таухидпен тәрбиеленетініне

тоқталған (Ғазали, 1990: 98). Ал Ибн Мискуайһтің ұстанымында адамды көркем мінезге міндеттейтін күш – «Алламен байланыс», яғни Аллаға иман.

Ахлақ саласында ерекше орны бар Әбу Хамид әл-Ғазали «Ихия улум ад-динінде» таухидты «рубьул мунжият» бөлімінде қарастырған (Ғазали, 1990: 243). «Рубьул мунжият» бөлімінде сабыр, шүкір, тәубе, қауіп пен үміт, ниет, ықылас, шыншылдық, махаббат секілді моральдық категориялар қарастырылған. Олай болса, Әбу Хамид әл-Ғазали да моральдық құндылықтарды міндеттейтін күш таухид деп көрсетеді. Мысалы, «тәуекелді» түсіндіру барысында ол «Құрандағы: «Егер шынайы мүмін болсаңдар тәуекел етіндер», – деген аяттан, тәуекел сипатын иманнан туындайтынын жеткізеді (Ғазали, 1990: 243). Демек, ислам ғалымдары екі ұғыммен адамды игілікке міндеттейтін негізгі қуаттың бар екеніне тоқталады. Бірі – таухид, енді бірі – Алламен байланыс, яғни иман делінген. Ал Әбу-л Қасымның «иман» танымына байланысты тұжырымдарына тоқталар болсақ, онда: «Кәләм ғалымдары: иман – жүректегі сенім. Дүниелік үкімдер үшін тілмен айту шарт», – деп, жүректегі сенімді «тасдиқты» тілмен айту дүниелік үкімдерге, яғни исламдағы мұра бөлісу, неке қию, жаназа шығару сынды рәсімдердегі үкімдерге қатысты болатынын айтқан. Матуриди ақидасында иман мен амалды немесе иман мен ахлақты теориялық тұрғыда бөліп қарастырады (Сейтбеков, 2011: 85). Бұлай болуы да орынды. Егер иман

тікелей амал ретінде қарастырылатын болса, онда көптеген адам ахлаққа қатысты аяттар мен хадистерді орындамағандарды діннен шыққан деп қабылдауы мүмкін. Мысалы, «аманаты жоқтың, иманы жоқ», «ұяты жоқтың, иманы жоқ» деген хадистерден аманатқа қиянат жасағанды, ұяты жоқты имансыз, кәпір санауы мүмкін. Ал аманатқа сенімді болу, ұят сынды ұғымдар амалға қатысты. Бұл анықтама теориялық тұрғыда дұрыс болғанымен, мұсылманның біршама практикалық амалдарына немқұрайлылық жасауына себеп болуда. Нақтырақ айтатын болсақ, онда мұндай ұстаным бойынша амал етпегендер кәпір емес және адамды діннен шығармайды. Ал шариғи бұйрықтарды орындамау күпірлік болмағандықтан, еркін күнәға батып, шариғаттың абзал іс-амалдарына немқұрайлы қарау болып саналады. Мұндай түсінік иманның ізгі амалдарын міндеттеу күшін әлсіретіп, діннің іс-амалдары кейінгі кезекте қалып қояр еді. Әбу-л Қасым «Халисату-л хақайқта» Пайғамбар (с.ғ.с.): «Иман алпыстан астам немесе жетпістен астам бөліктен тұрады. Ең абзалы – «лә илаһа илла Алла», ең төменгісі – «жолды тастан тазарту» және ұят – иманның бір бөлігі» деген хадисі арқылы иманның жетпістен астам игі амалын міндеттейтінін айтады (Al-Faraby, p. 38/Б).

Ахлақ – жүректегі иманның сыртқы көрінісі. Күн сәулесі күннен, бірақ бұл сәуле күннің өзі емес. Гүлдің иісі гүлден, алайда бұл иіс гүлдің өзі емес сияқты иманнан көркем мінез туындайды, игі амалдар шығады, алайда

бұлар иманның өзі емес. Бұл екеуі бір-бірінен ажырамайтын бір бүтін. Міне, сондықтан иман – тек теориялық мәселе емес, ол тәжірибелік әрекет ретінде игілікке міндеттейтін қуат. Яғни иман қуатымен игі мінездер туындайды деп тұжырым жасаймыз. Осы негізде Әбу-л Қасым «иман» жайлы сөз еткенде: «Ғалымдар: иманнан: қорқу мен үміт, жақсы көру мен ғашық болу, тәубе, ұят, пақырлық, ұлықтау, құрметтеу, мейірім, тәуекел, қанағат, турашылдық, сабыр, шүкір, разылық, бойұсынғыштық, ғибадат, шариғатты ұстану, Алла үшін достасу, Алла үшін ашулану мен қуану, әрбір істі ықыласпен істеу...» деген сияқты қасиеттер қалыптасады деген (Al-Faraby, p. 38/А). Әл-Фараби бұл жерде иманды ішкі сенім, яғни жүрекпен сену (тасдиқ) деп түсіндірмесе де иманның сыртқы көрінісін, одан туындайтын адам бойындағы қасиеттерді сөз еткен. Ал адам жүрегіндегі иманның сыртқы сипатының көрінісі адам жүрегіндегі иманының қуатына байланысты екенін айтуға болады. Иманның талабы – осы сипаттарды арттыру, кемелдендіру.

Иман жүректе орныққан болса, ол адамды игі істерге міндеттейді. Ал бұл міндетті біреу жартылай, енді бірі толықтай орындайды.

«Халисату-л хақайқта»: «Мүмин – мінезін таразылаған адам...»; Хасан әл-Басри: мүмін адамның ахлағы мынадай: дінде берік, иманды, білімге талабы күшті, мейірімді, жанашыр, кедейлікке төзімді, қомағай емес, адал кәсіп ететін, тура жүретін, шаһуаттан тыюшы» деген мәтіндермен тұжырымдаған (Al-Faraby, p. 34/Б).

Иманның кемелдігі ахлақи көрініс екендігін білдіретін мәселені тек «иман» тақырыбында емес, сондай-ақ «Халисату-л хақайқтың» ахлаққа қатысты бүкіл тақырыптарынан көруге болады. Мысалы, «сарандық» туралы Пайғамбар (с.ғ.с.): «Иманды адамда екі сипат болмайды. Олар: сарандық пен жаман мінез»; «ұят» хақында «ұятты жоқтың иманы жоқ», – деген. «Уәдеде тұру» жайлы Хаким: «Данағөй адамдар уәдеде тұру деп нені түсіндіреді? – деп сұрағанда ол: «Аллаға серік қоспау» десе, тағы біреу: «Мен иманды болып дүниеден өтуім үшін не істеймін? – деп сұрағанда, Хаким: Алланың айтқандарына сай амал ет, нәпсіңе қарсы амал ет, шайтанға қарсы амал ет, адамдарға насихат жаса, уәде етсең орында», – деп түсіндірген (Al-Faraby, p.187/Б).

Ортағасырлық ғалымдардың иманнан туындаған имандылық ұстанымы Орта Азияның көптеген еліне тарады. Соның ішінде қазақ халқының діни дәстүрлеріне де сіңісті болып әлі күнге дейін жалғасуда. Дәстүрлі дүниетаным бойынша иман сөзінен имандылық шығады. Иман – жүректегі нұр, ал осы нұрдың сыртқы көрінісі болған имандылық – Аллаға иман келтірген адамның бойындағы қасиет ықылас, разылық, ұят, аманатшыл болу, сабыр, тәуекел сияқты көркем мінездер. Сондықтан да имандылық дегенімізде ізгілікті, имани құндылықтарды бойына сіңірген адам туралы айтылады. Қазақ халқының «иман жүзді, иманды» деген ұғымдары да адамның іс-амалдарының иманға сай, көркем мінезін білдіреді. Абай 38-қара сөзінде: «...Пайғамбарымыз саллаллаһу ға-

лайһи уәсәлламның хадис шарифінде айтыпты: «Мән лә хаяун ләһу лә иманун ләһу», – деп, яғни кімнің ұятты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «Ұят кімде болса, иман сонда», – деп иманды ұят ұғымымен сабақтастыра отырып, имандылыққа қатысты дәлелді тұжырым жасаған. Осылайша, моральдық міндеттеме немесе міндет иман арқылы жүзеге асады.

Моральдық міндеттің дінге иман болғанымен оған көмекші құралдар да қажет. Яғни иманға негізделген моральдық міндеттің толық орындалуы үшін Әбу-л Қасым ақыл, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю, құлшылық сынды жауапкершілікті көркем мінезге міндеттейтін деуші құралдар ретінде таныта білді.

Осы құралдар ішіндегі ақыл мәселесіне қатысты Әбу-л Қасым «Халисату-л хақайқта»: «Хаким: «Ақылды адамның он белгісі бар. Бесеуі – сыртқы, бесеуі – ішкі. Сыртқы бесеуі: үнсіздік, кішіпейілділік, көркем мінез, шыншылдық, игі іс. Ал ішкі: пікір жүргізу, ықылас, қорқу, өлімді еске алу» десе; ғалымдар: «Кімде мына үш сипат болса, ол ақылды болғаны: Алламен қарым-қатынаста ықылас пен шыншылдық. Адамдармен қарым-қатынаста сүйіспеншілік пен игілік. Өз нәпсімен қарым-қатынаста қанағат пен сабырлық» деген; ал Хаким: «Көз үшін көз жанары қандай болса, ақыл да – жүрек нұры, һәм парасаты. Ақыл шариғат пен адам табиғатының тыйым салғандарынан нәпсіні тыяды», – деген риуаяттарды мысал етеді (Al-Faraby, p.12/Б). Бұл ой-тұжырымдардан шығатын қорытынды: ақылдың екі

дүниелік азаптан қорғайтындығы, Алла тағаламен, адамдармен, ішкі жан дүниесімен қарым-қатынаста игі сипаттарды талап ететіндігі, шариғат пен адам табиғатына жат істерден тыятындығы айтылып отыр. Негізінде, ақыл мен дін (нақыл) – бірін-бірі толықтыратын, бір-біріне қарсы келмейтін екі құбылыс. Сондықтан ислам діні ақылға, білімге ерекше маңыз береді. Мысалы, Құран Кәрімде: «Ойланбайсыңдар ма?», «Ақылға салмайсыңдар ма?», «Бұл аят тек қана ақыл иелері үшін» «Ей ақыл иелері, салыстырыңдар» деген аяттар жиі кездеседі. Сонымен, Әбу-л Қасым еңбегінде келтірген: «Ақылы жоқтың діні де жоқ», – деген хадистен ақылдың дін үшін маңыздылығын түсіндіргенін көреміз.

«Иманның жемісі – көркем мінез» дегені секілді исламдағы тазалық, намаз, ораза, зекет, қажылық сынды ғибадаттардың да нәтижесі – көркем мінез. Ибн Мисқуайһ (932-1030): «Бақытқа қол жеткізу үшін хикмет керек. Ал хикмет теориялық және практикалық болады. Теориялық хикметтен дұрыс пікірлер туындайды. Ал практикалық хикметтен игі істер шығады», – деп, адамды тәрбиелейтін ең маңызды фактор ретінде практикалық хикметті, яғни намаз, ораза, зекет сынды ғибадаттарды айтқан. Ал Әбу Хамид әл-Ғазали (1059-1111) болса: «Пенде құлшылық жасап, ағзаларын күнәдан тазартпайынша, жүрек жаман мінездерден тазармайды. Жүрек жаман мінездерден тазармайынша, ішкі тазалық пен мақтаулы сипаттарға қол жеткізе алмайды», – деп, құлшылықты көркем мінезге

жетелейтін факторлардың бірі ретінде көрсетеді (Ғазали, 1990: 244). Ал әл-Мауарди (974-1058): «Құлшылық – Алланың пендесіне жасаған ең үлкен сыйы. Құлшылық пенденің осы өміріне және ақыретіне мол пайдасын тигізеді», – деген (Ғазали, 1990: 87). Бұл мәтінде сөз етілген құлшылықтың пайдасы – адамдарды тәрбиелеп, көркем мінезді ету. Жалпы, ислам ғалымдары мінез-құлықты маңызды санап, құлшылықты көркем мінезге жетелейтін себеп еткен.

Сонымен қатар Алла тағала ғибадаттарды мінез-құлықтың тәрбиеленуі үшін міндет еткені секілді өзгелердің қате-кемшіліктеріне де көз жұма қарауға болмайтынын, оларды игілікке шақыру керек екенін айтады. Негізінде, адам баласы қоғамның бір бөлшегі болғандықтан, оның ықпалына қарай бой түзейді. Мұсылман қоғамы, жеке ислами қағидаларды ұстанған адамдардың ісін дұрыстайды, олар жауапты болады. Себебі жеке адамдардың бұзылуы қоғамның бұзылуына алып келеді. Сондықтан мұсылман қоғамына «жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыю» міндеті жүктеледі. Исламда бұл істі орындау – ең ұлы міндетті орындау деп бағаланады. Ал мұсылман қоғамының моральдық құндылықтарды бір-біріне міндеттеуінің маңызы ерекше. Себебі кейбір адамдар, иман әлсіздігінен Алладан емес адамдардан қорқып, қоғамның талабына сай өмір сүруі мүмкін. Осы мақсатта Әбу-л Қасым еңбегінде имандылыққа шақырып, оның рүкіндерін түсіндіру, яғни әрбір адам иманды адам ретінде тәрбиелеу міндет деп түсіндіреді. Бұл жайын-

да Пайғамбар (с.ғ.с.): «Аллаға ант етейін, сендер жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыймайтын болсаңдар, Алла сендердің жазаларыңды береді. Сол кезде жалбарынып дұға етесіңдер, алайда жауап берілмейді», – десе және бір сөзінде: «Кімде-кім бір жамандықты көрсе, оны қолымен тоқтатсын. Оған шамасы келмесе, тілімен қарсылық білдірсін. Оған да шамасы келмесе, жүрекпен жақтырмасын» (Мүслім, 49)», – дейді.

Қорыта айтқанда, моральдық міндет – адамды жан-жақты, рухани кемелдікке жетелеуде маңызды құрал. Бұл міндет иман арқылы жүзеге асып, оны іске асыру үшін әртүрлі әдістер, құралдар мен тәсілдер қажет.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін талдау

Зерттеу нәтижелері моральдық міндеттің ислам философиясындағы маңызды этикалық категория екенін көрсетеді.

Ислам ойшылдары моральдық міндетті екі аспектіден қарастырады: субъективті (иман, ар-ождан, ақыл) және объективті (жақсылыққа шақыру, жамандықтан тыю). Надим әл-Жисри бұл факторларды ішкі және сыртқы деп бөліп қарастырады. Бұл ислам этикасының ерекшелігін айқындайды.

Исламтанушы Абдулла Драздың пікірінше, моральдық міндетсіз жауапкершілік болмайды, ал жауапкершілік болмаса, әділдік те жүзеге аспайды. Мұндай жағдайда қоғамда тәртіпсіздік пен бүлік орын алады. Неміс философы Иммануил Канттың тұжырымдауынша, адамгершілік заңдарына құрмет көрсету арқылы ғана моральдық талаптар орындала-

ды, бұл ислам ойшылдарының көзқарасымен үйлеседі.

Исламда моральдық міндеттің маңызды төрт аспектісі қарастырылады:

1. Алла алдындағы міндеттер;
2. Жеке тұлғаның өзіне қатысты міндеттері;
3. Отбасылық міндеттер;
4. Қоғам алдындағы міндеттер.

Ислам ойшылдары иманның моральдық міндетке ықпалын ерекше атап көрсетеді. Әл-Қасым әл-Фараби еңбектерінде иман мен мінез-құлықтың байланысы көрсетіліп, иманның сыртқы көрінісі қорку, үміт, тәубе, ұят, сабыр, шүкір, қанағат, мейірім секілді қасиеттермен бейнеленеді.

Моральдық міндет тек жеке тұлғаның ғана емес, бүкіл қоғамның үйлесімді дамуына ықпал ететін фактор ретінде қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері моральдық міндеттің иманмен тығыз байланысын және оның ислам философиясы мен қоғамдағы маңызын айқындайды. Бұл міндет адамның рухани кемелденуін қамтамасыз етіп, оның мінез-құлқын тәрбиелеу арқылы қоғамдағы тәртіп пен әділетті сақтауға ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Моральдық міндет – ислам этикасының өзегі, ол жеке тұлғаның мінез-құлқын қалыптастырып, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Ислам ойшылдары оны иманмен байланыстырып, ішкі және сыртқы факторлар арқылы реттелетінін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері исламдық моральдық қағидалардың қазіргі қоғамда өзектілігін жоғалтпағанын көр-

сетеді. Қоғамдық тәртіп пен адамгершілік құндылықтарды сақтау үшін моральдық міндеттің маңызын ұғыну қажет. Мұсылман қоғамында моральдық нормаларға сай өмір сүру адамның рухани кемелденуіне ықпал ететіні дәлелденді.

Бұл зерттеу моральдық міндеттің ислам философиясы мен этикасындағы орнын тереңірек түсінуге, оның ді-

ни және әлеуметтік аспектілерін зерттеуге бағытталған.

Мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын (Грант № BR24993035) ғылыми жоба аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Al-Faraby A. Halisatul Hakayik. – Turkiye, Suleymaniye kutuphanesi. Amcazade Huseyin Pasa. – №276. – 484 s.
2. Акимханов А., Анарбаев Н. Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма. – Алматы: Көкжиек. – 2015. – 624 б.
3. Губин В.Д., Некрасова Е.Н. Основы этики. – М.: Форум – Инфра-М, 2005. – 222 с.
4. Гюлчур М.К. Культура поведение в исламе. – Алматы: Көкжиек, 2011. – 192 с.
5. Ғабитов Т. Қазақ этикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 276 б.
6. Ғазали Ә.Х. Ихия улум аддин. – Бейрут, 1990. – 4 т.
7. Драз А. Дустурул ахлақ. – Кайр, 1998. – 816 б.
8. Жисри Н. Құран фи тарбиатул ислам. – Каир, 2004. – 128 б.
9. Құранбек Ә.А. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 527 б.
10. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Білім, 2011. – 2 т. – 400 б.
11. Сейтбеков С. Иман негіздері. – Астана: Изд-во АСТ Полиграф ЖШС, 2011. – 376 б.
12. Хилми М. Ахлақ байна фаласифа уа улама ислам. – Бейрут, 2004. – 223 б.

REFERENCES

1. Akimkhanov A., Anarbayev N. The Holy Quran: Kazakh Explanatory Translation. – Almaty: Kokzhiek, 2015. – 624 p.
2. Al-Faraby A. Halisatul Hakayik. – Turkiye, Suleymaniye Library, Amcazade Huseyin Pasa. – No. 276. – 484 p.
3. Al-Ghazali A.H. Ihya Ulum ad-Din. – Beirut, 1990. – 4 vols.
4. Draz A. Düstur al-Akhlaq (The Constitution of Ethics). – Cairo, 1998. – 816 p.
5. Gabitov T. Kazakh Ethics. – Almaty: Kazakh University, 2014. – 276 p.
6. Gubin V.D., Nekrasova E.N. Fundamentals of Ethics. – Moscow: Forum – Infra-M, 2005. – 222 p.
7. Gülçur M.K. Culture of Behavior in Islam. – Almaty: Kokzhiek, 2011. – 192 p.

8. Hilmi, M. Ethics Between Philosophy and Islamic Scholars (Akhlaq Bayna Falasifa wa Ulama al-Islam). – Beirut, 2004. – 223 p.
9. Jisri N. The Quran in Islamic Education (Quran fi Tarbiyatul Islam). – Cairo, 2004. – 128 p.
10. Ondasynov N.D. Arabic-Kazakh Explanatory Dictionary. – Almaty: Bilim, 2011. – 2 vols. – 400 p.
11. Qurbanbek A.A. Philosophical Encyclopedic Dictionary. – Almaty: Institute of Philosophy, Political Science, and Religious Studies of the Ministry of Education and Science of Kazakhstan, 2013. – 527 p.
12. Seitbekov S. Fundamentals of Faith (Iman Negizderi). – Astana: AST Poligraph Publishing, 2011. – 376 p.